

**Л.Н. ГУМИЛЕВ атындағы ЕУАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТИ
NATIONAL UNIVERSITY «YURI KONDRATYUK POLTAVA POLYTECHNIC»
POLTAVA STATE AGRARIAN ACADEMY
UNIVERSITY OF ECONOMICS IN BRATISLAVA**

**«ЖАҒАНДЫҚ ПАНДЕМИЯ СЫН-ҚАТЕРЛЕРІ ЖАҒДАЙЫНДАҒЫ
ҰЛТТЫҚ ЭКОНОМИКАЛАРДЫҢ ҚАЗІРГІ ТЕНДЕНЦИАЛАРЫ МЕН
ДАМУ ПЕРСПЕКТИВАЛАРЫ»**

*Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының
ЕҢБЕКТЕР ЖИНАҒЫ*

СБОРНИК ТРУДОВ

Международной научно-практической конференции

**«СОВРЕМЕННЫЕ ТЕНДЕНЦИИ И ПЕРСПЕКТИВЫ РАЗВИТИЯ
НАЦИОНАЛЬНЫХ ЭКОНОМИК В УСЛОВИЯХ ВЫЗОВОВ МИРОВОЙ
ПАНДЕМИИ»**

Works of the international scientific- practical conference

**« CURRENT TRENDS AND PROSPECTS FOR THE DEVELOPMENT OF
NATIONAL ECONOMIES IN THE CONTEXT OF GLOBAL PANDEMIC
CHALLENGES»**

Нұр-Сұлтан, 2020

ӘОЖ 339.9(063)
ҚБЖ 65.5
Ж 52

Редакция алқасы

РАИМБЕКОВ Ж.С. - төрағасы, э.ғ.д., профессор, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан

РАХМЕТУЛИНА Ж.Б. - э.ғ.к., профессор, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан

АЗАТБЕК Т.А. - э.ғ.д., профессор, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан

МАДИЯРОВА Д.М. - э.ғ.д., профессор, Ресей халықтар достығы университеті, Москва қ., Ресей

ДУБИНА И.Н. - э.ғ.д., профессор, Новосибирск мемлекеттік университеті, Новосибирск қ., Ресей

КОМЕЛИНА О.В. - э.ғ.д., профессор, менеджмент және логистика кафедрасының меңгерушісі, «Юрий Кондратюк атындағы Полтава политехникумы» ұлттық университеті, Полтава қ., Украина

ISBN 978-601-337-395-9

Ж52 «Жаһандық пандемия сын-қатерлері жағдайындағы ұлттық экономикалардың қазіргі тенденциялары мен даму перспективалары» халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының еңбектер жинағы. - Нұр-Сұлтан: Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, 2020. - 514 б.

Сборник трудов международной научно-практической конференции «Современные тенденции и перспективы развития национальных экономик в условиях вызовов мировой пандемии». - Нур-Султан: Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, 2020. – 514 с.

Works of the international scientific-practical conference «Modern trends and prospects for the development of national economies under the challenges of the world pandemic». - Nur-Sultan: L.N. Gumilyov Eurasian National University, 2020. - 514 p.

ӘОЖ 339.9(063)
ҚБЖ 65.5

ISBN 978-601-337-395-9

© Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, 2020

© Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, 2020

8. Родников А.Н. Логистика: терминологический словарь. - М.: Экономика, 1995. 350 с.

9. Савка Б.Р. Стратегія розвитку логістичної інфраструктури регіону. «Логістика: теорія і практика» Луцького національного технічного університету. -2012.- № 2 (3).- С. 50-61.

10. Семенов А.И. Логистика. Словарь и библиография: справочное пособие. - СПб.: Изд. ГУЭФ, 1999.

11. Суворов Г.Г. Аутсорсинг в логістиці. Логістика і управління ланцюгами поставок. - 2009. - №4 (33). - С. 53-63.

Егембердиева С.М., Нұғман А.М.

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті,
Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан Республикасы

ҚАЗАҚСТАНДА ҚАЛА ШАРУАШЫЛЫҒЫН МОДЕРНИЗАЦИЯЛАУ ТИІМДІЛІГІ

(мақала АРО 05134552 ғылыми жобасы аясында дайындалды)

Қала шаруашылығы – бұл халықтың және экономикалық белсенділіктің шоғырланатын елді мекендердің тұрақты өміршеңдігін қамтамасыз ететін жүйелердің жиынтығы. Бұл жүйелердің тұрақты дамуы мерзімді модернизация және реконструкция бойынша жұмыстардың жүргізілуін талап етеді. Қала шаруашылығының модернизациясы қазіргі таңда Қазақстан Республикасында өзекті экономикалық мәселелердің бірі болып табылады. Бұл инфрақұрылымның механикалық және моральдік тұрғыда тозуы, демографиялық өсім мен урбанизация үрдістерінің нәтижесінде тұрғын үйлер мен коммуналдық шаруашылық қызметтеріне сұраныстың күрт өсуі, басқару органдары мен тұрғындар тарапынан қала инфрақұрылымына жаңа инновациялық технологияларға деген сұраныстың жоғарылауымен байланысты. Қала шаруашылығының әлеуметтік маңыздылығы оған мемлекеттік және қоғам тарапынан жоғары деңгейде көңіл бөлінуін айқындайды. Кешеннің үздіксіз және тұрақты қызметін қамтамасыз ету мақсатында, мемлекет тарапынан арнайы бағдарламалар әзірленіп, іске асырылуда. Қызмет етуші желілерді тұрақты жанарту, сала тиімділігі мен оңтайлылығын арттыратын жаңа технологиялар мен экономикалық механизмдердің енгізуі, қалыптасқан мәселелерді талдау мен оны жақсартуға байланысты ұсыныстар жасау әрдайым өзекті.

Қалалар экономикалық белсенділік пен капиталдың шоғырлану нүктесі болып табылады. Оларды территориялды кешен ретінде шағын аймақта жинақталған қаржы, адами, соның ішінде интеллектуалды және мәдени, инновациялық қызмет іске асырылатын орталықтар ретінде қарастыруға болады. Экономикалық белсенділіктің нақты болуы мен оның дамуында екі

басты шарт орын алады, яғни, біріншіден, шаруашылық қызметтің модернизациясы; екіншіден, әлеуметтік ортаның модернизациясы [1].

Қала экономикасы өзара күрделі байланысқан салалардың жиынтығын құрайды. Оны жаңартылуына бірнеше факторлар тобы әсер етеді, олар қала экономикасына қатысты, адамға тәуелділігіне қарай, модернизация сипаты мен көрініс табу деңгейіне қарай бөлінеді. Бұл жіктелім төмендегі 1 суретте көрсетілген.

Құрастырылған сызбада көрсетілгендей жаңартылуға әсер етуші факторлар төрт топқа топтастырылған. Бірінші факторлар тобы қала шаруашылығының өзіне байланысты, ол өз ішінен екіге бөлінеді - экзогенді және эндогенді. Экзогенді факторлар қаланы бастаумен байланысты, ол бір жағынан ресурстардың жақындығын, ландшафт, климаттық жағдайларды айқындайды, екінші жағынан тарихи қалыптасқан сауда жолдары, инновациялардың таралу желілері мен тұрғын халықтың қалыптасқан мәдени және менталды ерекшеліктерін қосады. Экзогенді факторлар тобы қаланы шаруашылық қызметті жүргізуші бірлік ретінде әсер ету субъектісі ретінде қарастырады, яғни экзогенді факторларға мемлекеттің қалаларды дамыту бойынша саясаттары, оның бәсекеге қабілеттілігін және тартымдылығын арттыру бойынша шараларды және модернизация үрдістерінің тәуекелдері мен қауіп төндіретін жағдайларды ескереді.



Сурет 1. Қала шаруашылығын модернизациялау факторлары

Ескерту - [2] әдебиеті негізінде авторлармен құрастырылған

Екінші факторлар тобы – бұл адамға немесе қоғамға тәуелділік факторлары – объективті, яғни адамның күтулеріне және ықыластарына тәуелсіз, субъективті, яғни, адам іс-әрекетіне байланысты болуы мүмкін. Объективті ішкі факторлардың қатарына қоғамның гетерогенді сипаты мен қаланың динамикадағы және ағымдық даму сатысы мен деңгейі. Қоғамның гетерогендік сипаты - қала экономикасы аясында – бұл қоғам құрылымындағы әртүрлілік, белгілі анықталған топтар арасындағы үйлеспеушілік, ол қала экономикасында халықтың өмір сүру деңгейімен қанағаттануына тікелей әсер ететін фактор. Экономикалық дамудың циклдық теориясына сәйкес қалалар өрлеу сатысында инновациялық технологиялардың енгізілуі есебінен жаңару мен дамуға бейім болып келеді. Субъективті факторларға ең бастысы жергілікті әкімшілік басқару органдарының қала экономикасының негізін құрайтын инфрақұрылымға, мысалы, шағын және орта кәсіпкерлікке, қаржы және инвестициялық инфрақұрылымға салымдарын атауға болады. Бұл әкімшілік шаралар қала тұрғындарының талғамын және өзгерістерге дайындығын ғана емес, сонымен қатар, еңбек ресурстарының құрылымы мен интеллектуалды әлуэтті бағалауда қажет. Себебі модернизацияға бастама бола алатын негіздеме және жергілікті қоғамның жаңартуларға бейімділігі – қала шаруашылығын модернизациялаудың басты шарттарының бірі [3].

Модернизация – қала экономикасы аясында – сипатына қарай бастапқы, жалғастырушы және түпкілікті болып келеді. Бастапқы модернизация бұл мүлдем кездеспейтін немесе территорияда жоқ жаңа желілерді енгізу мен салу. Дайын, қызмет жасап тұрған инфрақұрылымды мезгілді жаңартулар – жалғастырушы модернизация болып есептеледі; ал қызметтегі инфрақұрылымды толығымен ауыстырып жаңа стандарттарға көшу, түбегейлі өзгерістер енгізу – түпкілікті модернизация болып саналады.

Деңгейіне қарай модернизация факторлары 4 бөлінеді: жергілікті, аймақтық, ұлттық және әлемдік. Бұл ғылыми немесе тәжірибелік жаңалықтардың қаладан таралуы мен қала инфрақұрылымына келу деңгейін сипаттайды [4].

Сызбада көрсетілген факторлар қала шаруашылығының модернизациясына тікелей әсер ете алады. Келесі кезекте қала экономикасының модернизациясының әдістемесін талдау қажет. Қала экономикасының жаңаруы нақты есептеуге келетін тұрғын үй-коммуналдық жүйенің талдауы мен өмір сүру деңгейін арттыратын жаңа шешімдердің немесе технологияларының қала шаруашылығына енгізілуінен тұрады [5].

Қала шаруашылығын модернизациялау тиімділігін бағалау үшін, біріншіден, қолданылатын көрсеткіштер анықталуы тиіс. Екіншіден, кестеде көрсетілген көрсеткіштердің 3 жылдық динамикасындағы мәндерін анықтап, соңғы сатыда олардың интегралды мәндерін қорытындылау қажет. Анықталған нәтижелер өзінің мәндеріне сәйкес әлсіз, қанағаттандырарлық немесе жақсы деп санала алады, әр топқа жатқызылу шарты 1 кестеде көрсетілген. Бірінші және екінші кестелердегі ақпарат келесі есептеуге қажетті құрастырылған кестелерде шектеулі түрде қайталаданы.

Кестеде таңдалған индиаторлар бойынша 3 жылдық өзгеріс динамикасы талданған. Әр көрсеткіш бойынша тоқталуға тиісті:

1. Бірінші көрсеткіш - халықтың тұрғын үймен қамтамасыз етілуінің деңгейі БҰҰ стандартына сәйкес 1 адамға 30 м² тұрғын ауданы келу керек деген индикаторының қазақстандық көрсеткішпен үлестік салыстыру жүргізу негізінде анықталған.

2. Абаттандыру көрсеткіші орталық желілерден коммуналдық қызметтерге (жылу, су, кәріз және орталық ыстық су) қосылу мөлшерін көрсетеді. Есептеуде газбен қамтылу ескерілмейді, себебі құрылыстардың конструктивті ерекшеліктеріне байланысты барлық объектілерге газ тарту мүмкін емес.

3. Сапалы жұмыс істейтін коммуналдық желілердің жалпы желілер ұзындығынан үлесі көрсеткіші – түпкілікті модернизацияны қажет етпейтін және апаттық немесе тозған болып саналмайтын желілердің үлесін көрсетеді. Мемлекеттік бағдарламалардың негізгі фокусы осы көрсеткішті жоғарылатуға бағытталған.

4. Қатты тұрмыстыстық қалдықтарды жою үлесі көрсеткіші – экология, геология және табиғи ресурстар министірлігінің классификаторы бойынша муниципалды қалдықтарды қайта пайдалану және өңдеу үлесі негізге алынады. Муниципалды қалдықтарды өңдеу көрсеткіші өндірістік (30-32%) және қауіпті (20-150%) қалдықтарды өңдеуден төмен болып саналады, жалпы өңдеу үлесі жылдарға байланысты 30-48% құрайды. Муниципалды қалдықтар көлемі жағынан ең үлкен топ болып анықталады. Оларды жинау көрсеткіші қалалық санитарлық қызметтердің жұмыс істеу тиімділігінің сапалы көрсеткіші болып табылады.

5. Тұрғындардан коммуналдық қызметтер үшін жиналатын ақы үлесі көрсеткіші – жалпы тұрғын үй иелерінің коммуналдық қызметтерді пайдалану үшін қарызсыз және мерзімді төлейтіндердің үлесін көрсетеді.

Кесте 1. 2017-2019 жылдары қала шаруашылығы тиімділігін анықтауға алынған көрсеткіштердің серпіні

Көрсеткіш	2017 жыл	2018 жыл	2019 жыл
Халықтың тұрғын үймен қамтамасыз етілуі, %	72	73	74
Абаттандырудың барлық түрімен қамтылған тұрғын үйлер үлесі, %	60,8	61,3	61,5
Сапалы жұмыс істейтін коммуналдық желілердің жалпы желілер ұзындығынан үлесі, %	40	41	43
Қатты тұрмыстыстық қалдықтарды өңдеу және жою үлесі, %	13	11,6	13,2
Тұрғындардан коммуналдық қызметтер үшін жиналатын ақы үлесі, %	85,2	84,8	86,1
Орташа көрсеткіш, %	54,2	54,34	55,56
Ескерту – авторлармен есептелінген.			

Сала әлі де өзінің төмен рентабельділік деңгейінен жеке инвестицияларды тартуға бейімсіз, жобалардың барлығы дерлік мемлекет тарапынан қаржыландырылады. Желілердің барлығы табиғи монополиялар немесе шектелген бәсеке жағдайында жұмыс істейді. Бұл жағдай саланың жалпы тиімділігінің төмендігін айқындайды. Орташа сала бойынша рентабельділік деңгейі 2017-2019 жылдары 5,3-6%-дан аспайды. Бұл жағдайды жақсарту мақсатында қайтадан мемлекет тарапынан реформалар, дәлірек кондоминиумдық басқару тәжірибесі 2020 жылдан бастап енгізілмек, яғни басқару ісіндегі транспаренттілікті арттыру арқылы қызмет тиімділігі жақсаратыны күтілуде. Келесі 2 кестеде қала шаруашылығын тиімділігін бағалау бойынша қорытынды көрсетілген.

Кесте 2. Қала шаруашылығы тиімділігін бағалау қорытындысы

Қала шаруашылығының жағдайы, %	Әлсіз (0-49)	Қанағаттандырарлық (50-70)	Жақсы (71-100)
Жылдар			
2017	-	54,2	-
2018	-	54,34	-
2019	-	55,56	-
Ескерту - авторлармен есептелінген.			

Үш жылдық динамикада қала шаруашылығы дамуын ашатын 5 таңдалған индикатор бойынша шағын өсім байқалуда. Жалпы көрсеткіштің мәні қанағаттандырарлық деңгейге сәйкестігі анықталды. Бұл көрсеткішті пайдаланғанда және бағалау әдістемесі бойынша толықтырулар болуы мүмкін. Басқа экономика салалары мен деңгейлеріне қарағанда, қала шаруашылығын анықтайтын ортақ әдістеме қалыптаспаған. Ұсынылған әдістеме авторлардың пайымдауынша қала шаруашылығын модернизациялауды бағалауда қолданыла алады және басқа тереңдетілген көрсеткіштермен толықтырылуы мүмкін. Бағалау үшін қолданылған индикаторлардың серпіні қала шаруашылығына қатысты ең мазды салаларды қамтиды.

Қорытындылай келе, қала шаруашылығының дамуын бағалау нәтижесі қанағаттандырарлық баға беруге болады. Оны жүргізілген есептеулер тіркейді. Дегенмен тұрғын үй мәселесі - қала шаруашылығының негізі болып табылады, ал оның қолжетімділігі барлық мемлекеттік қолдау шараларын ескергеннің өзінде мәселелі болып қалып тұр.

Әдебиеттер тізімі

1. Федотов Л.Н. Модернизация регионов: основные подходы, NOTA VENE: Политика и общество 11 (95), 2012
2. Щербакова Н.В. Методика оценки эффективности развития крупного города, Научно-технические ведомости СПбГПУ 1, 2009, Экономические науки, стр 124-129

3. Павлов К.В. Методика оценки развития постиндустриальной и неоиндустриальной моделей модернизации на региональном уровне (на примере Донецкой и Луганской областей Украины), Национальные интересы: приоритеты и безопасность 45 (2015) 55-66

4. Гирина А.Н. Методика оценки социально-экономического развития региона, Вестник ОГУ № 8 (157)/август, 2013

5. Pavlov K.V., Lyashenko V.I., Kotov E.V. Methodology and evaluation of postindustrial neo-industrial model of modernization at the regional level// Научные Ведомости БелГУ. Серия Экономика. Информатика.- 2016.- №2 (223).-№ 37.

УДК 339.97

Есембекова Д.Т.

Северо-Казахстанский университет имени М. Козыбаева,
г. Петропавловск, Республика Казахстан

ПОКАЗАТЕЛИ ТРУДОВОЙ МИГРАЦИИ: ТЕОРЕТИЧЕСКИЙ АСПЕКТ

Миграция играет важнейшую роль в экономическом развитии большинства стран мира, обеспечивая перераспределение трудовых ресурсов между странами с их относительным избытком в страны с растущим спросом на рабочую силу. Демографические проблемы основных принимающих стран - старение населения, сокращение численности населения трудоспособного возраста и роль миграции в частичном ослаблении негативных последствий этих процессов - выводят задачу изучения миграции в число приоритетных. При этом, трудовая миграция рассматривается как, вероятно, наиболее важный сегмент, поскольку в странах приема мигранты практически сразу выходят на рынки труда, заполняя определенные ниши, или напротив, конкурируя с местным населением за рабочие места.

Присутствие на национальном рынке труда многих стран иностранных работников, или напротив, отсутствие в стране части населения рабочих возрастов, неизбежно поднимает вопрос об оценках объемов этих явлений и изучения их структурных характеристик. Кроме того, для отдающих стран измерение трудовой миграции неразрывно связано с темой денежных переводов, доля которых по отношению к валовому внутреннему продукту может быть очень высока [1].

Для измерения миграции используют статистические данные государств. Работая со статистикой имеют дело с абсолютными и относительными показателями миграции. К абсолютным показателям относят численность (или контингент мигрантов), находящихся на данной территории в некоторый момент времени и объемы миграционных потоков на данную территорию (число прибывших) и из нее (число выбывших). Измерение контингентов производится при переписях, обследованиях или на основе административных данных, когда есть возможность получить величину на определенную дату.